ЦИКЛОГРАММА

Отпелі тақырып «Менің отбасым»

Тақырыпша. «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі» 1 апта (осқзан, 2021ж.)

«Балдырған» (ісіші) тобы.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.10.2021	Сейсенбі 05.10.2021	Сәрсенбі 06.10.2021	Бейсенбі 07.10.2021	Жұма 08.10.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау,дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау.Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №2 Пед жет ойын: «Өзім және отбасым» Смарт максат: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсіне отырып, отбасы мүшелерін сыйлауды біледі. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	«Достық» Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан Құрлымдалған ойын: «Пейзажды құрастыр» Смарт максат: Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы біледі. (4К модель, бала үні,саралау, бақылау)	Пед жет жұмыс: Тақпақ жаттау. Отан Е.Өтетілеуұлы Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер. Отан - ана, Отан - үлкен, Қазақстан - туған ел. Құрлымдалған ойын: «Аралар» Смарт максат: балалардың зейінін,есту қабілетін дамыту. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	Санамақ Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз Пед жет ойын: «Тату-тәтті отбасы» Смарт максат: үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	Құрлымдалған ойын: «Ойыншыққа суреттерді табыңыз» Смарт максат: Балалар нақты заттың сұлбасы мен пішіні елестетуге үйренеді. Жатық кескін мен көлемді нысандағы кескіндерді таңдауды біледі. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау)
Таңертеңгі гимнастика	Қазан айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"				
Ойындар, ҮОҚ дайындық	ҮОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, керекліктер дайындау. Шаттық шеңбері: Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұлайы нұр құйсын				

Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастыры лған оқу қызмет-тері	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Қол мен аяқ қимылын үйлестіріп жүру» Смарт мақсаты: Педагогтің артынан жүру,қол мен аяқ қимылын үйлестіріп жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу , домалатуды үйрету. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Негізгі бөлім. Жалпы дамыту жаттығулар: 1.Доппен жаттығу Негізгі тұрыс, доп оң қолында төмнде. 1-қолдары екі жақта; 2-қолдары жоғарыда, допты басқа қолға ауыстыру; 3-қолдарын екі жаққа созу; 4-бастапқы қалып. Аяқтары сәл ашылған қалыпта тұру, доп оң қолында. 1-оң аяғына илу; 2-3-допты оң аяқтан сол аяққа ауыстырып домалату; 4-бастапқы қалып, сол сияқты сол аяққа. Тізерлеп тұру, доп екі	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым» (сурет бойынша әңгіме) Смарт мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Қолданылатын көрнекі құралдар:Отбасы суреті,кубик, желім,қайшы, түрлі түсті карандаштар. Ресурстар: Отбасы суреті, дид материалдар, Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап,ойын,ұйтаспа Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Е. Өтетілеуұлы. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»-деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»-тілеймін. Қызығушылықтарын	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Сызықтар арасымен (15 см аралақашықтық) жүру, жүгіру» Смарт мақсаты: Шеңбер бойымен аралақашықтықты сақтау. Сызықтар арасымен жүру, жүгіру. Бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өтуді үйрету. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру. Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, аралақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Б.к. – и.т., қол төмен 1.Қол жан-жақтан көтеріп, шапалақтау.2.Б.к.3.Қол жан-жақтан көтеріп, шапалақтау 4.Б.к. (5-6 рет) Б.к. – и.т., қол белде 1.Оң жаққа бір адым, қол шапалақтау.2.Б.к.3.Сол жаққа бір адым, қол шапалақтау.4.Б.к. Б.к. – и.т., қол белде 1.Отыру тізені құшақтау.2.Б.к.3. Отыру тізені құшақтау.4.Б.к. (5-6 рет) Б.к. аяқты кең ашып	1. Жаратылыстану Тақырыбы: «Шуағын шашқан алтын күн» Смарт мақсаты: Күн туралы түсініктерін кеңейту: күннің көзінен жылу мен жарық тарайтындығын бақылау, талдау жасай білуге үйрету Қолданылатын көрнекі құралдар: Күнге ұқсайтын суреттер, күн шуақтары ,ақ қағаз, желім Ресурстар: күн көзінің кеңейту Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап,ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Сәндетіп даламыз, Сәулетті қаламыз, Сәулеңмен құлпырды, Сәлем Күн – анамыз  2. Қызығушылықтарын ояту.(жұмбақ жасыру) Жұмбақ: Жұрттың бәрі сүйеді, Бірақ қарай алмайды. (Күн) «Доп лақтыру» әдісі арқылы Күз белгілерін атап берулерін сұрау. Бүгін ауа райы қандай болып тұрғанын анықтау Ой дамыту Күн туралы түсінік беру. Күн – жер бетіндегі тіршілік көзі. Адамдар, өсімдіктер,	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы:«Жүру және жүгіру.» Смарт мақсаты:Шеңбер бойымен аралақашықтықты сақтау. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату.Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту. Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру.Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, аралақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Доппен жаттығу 1.Аяқты ашақ қою, доп төменде, допты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастапқы қалып.5-6 рет. 2.Допты екі қолмен алға ұстау. Допты оң аяқ пен сол аяққа домалату.Бастапқы қалып. 3.Допты екі қолмен

	қолда. 1-2-өкшемен отырып және денесін оңға бұрып, допты еденге тигізу; 3-4-бастпақы қалыпқа келу. Сол сияқты солға орындау. Еденде отыру, доп табандарының арасына қысылған, қолдары артқа тіреліген. 1-2-түзу аяқтарын көтеру, допты түсіріп алмауға тырысу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Шалқадан жатып, допты түзу қолдарына басының жоғарғы жағында ұстау. 1-2-алға қарай түзу қолдарын және оң аяқты көтеру, допты аяғына тигізу, 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Сол сияқты сол аяқпен. Аяқтары сәл ашылған, доп оң қолында. Допты еденге оң қолмен соғып ұрады, ол оны екі қолмен соғып ұрады, ал оны екі қолмен ұстайды.Тыныс алу жаттығуы. «Шар үрлеу» Ауаны мұрынмен тартып, аузымен шығару». Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу 2.Заттар арасымен допты домалату. Қимылды ойын:	ояту. Үнтаспадан «жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тындату. Ашық сұрақтар Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады? -Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз? Балаларды мадақтау. *Суретпен жұмыс.* Балаларды мадақтау. Суретпен жұмыс. «Отбасы.»  Кубизм әдісі. Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді. Құрлымдалған ойын: «Кім екенін тап?» Шарты: Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне катысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді. Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы	тұрысы, қол белде 1.Алдына еңкейю, қол жоғары 2.Б.к. 3.Алдына еңкейю, қол жоғары 4.Б.к. (5-6 рет) Б.к. – и.т., қол төмен 1-4 аяқты кең ашып секіру, шапалақтау (6 рет) Жүгіру. Бір катармен жүру. Тыныс алу жаттығу «Соғғыш» - аяқтарын қосып, тік тұрып қолдарын кеуде тұсында ұстау; демін ішке жұтып, сосын кеудесімен жанына қарай еңкею; демін сыртқа шығару, даусстап (ССССС) деп дыбыс шығарып, қолдарын жылжыту; тік тұрып демін ішке жұтып, екінші жағына дыбыс шығарып еңкейеді(3 - 4 рет). Негізгі қимыл-жаттығулары: 1 Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) жүру, жүгіру. 2.Бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өту. Қимылды ойын: «Құстар» Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау. 3.Сурет салу Тақырыбы: «Бағдаршам»	жапуарлар жарық, жылуды күннен алады. Сондықтан бүкіл тіршілік атаулыға күнсіз өмір жоқ. Бірақ күнге тік қарауға, ұзақ күюге, басқынсіз жүруге болмайтынын ескерту. Дидактикалық ойын «Дәл сондайын тап» Күннің түсімен ,пішінімен түстес заттарды атайды. Сергіту сәті. Күн шығыстан жарқырап шықты, (қолларын жоғары көтереді, созады) Күн батысқа батты. (Тізесін бүгіп отырып, қолдарын төмен түсіреді). Тамаша,тамаша, Күн жайнады жанаша. Бәрімізгекөңілді Бұл өмір тамаша! (Қол соғады. жымияды). 4.Шығармашылық орталықта жұмыс жасау. Бөлшектерден күн құрастырады. Өз бетінше жұмыс. Балаларды мадақтау. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) 2.Жапсыру. Тақырыбы: «Менің үйім» Смарт мақсаты: Пішіндерді	ұстау. Еденге тигенше еңкею.. 4.Тіземен отыру. Допты оңға, солға өзін айналдыру. 5. Допты еденге қою. Допты айнала секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру. Тыныс алу жаттығулары: 1 – 2, 3 - 4 есебінде тамаудың әр тесігінен кезек - кезек демді ішке тартады; дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады. 2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары. 1-Доға астынан еңбектеп өту. 2- Допты аяқтарымен бір-біріне домалату. Қимылды ойын: Түрлі – түсті машиналар» Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)

«мысық пен тышқан» Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) 2.Сенсорика Тақырыбы:« Үксас заттар» Мақсаты: Қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді үйрету. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: хат,пішіндер,ойыншықтар, сыйлық Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер «Күлімдейік». Шеңберге біз жиналдық. Сен досымсың, мен досыңмын. Қол ұстасып тұрамыз, Күлімдесіп қараймыз. «Доп лақтыру» әдісі арқылы балалардан жыл мезгілін сұрау. Қызығушылықтарын ояту.Балалар, білімпаздар елінен пошташы бізге хат беріп жіберіпті. Олай болса ашып көрейік. Мұнда тапсырмалар берілген екен. 1-тапсырма Санамақ білесіңдер ме? Санамақ Бір дегенім-бөрік	мүшелері туралы айтып береді. Ойын: Кім екенін тап? Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді. Басқа балалар шешуін табады. Мысалы: Анасы кір жуып жатыр. Әкесі отын жарып жатыр. Шығармашылық орталығындағы жұмыс. Топқа бөлу. 1-топ Өзіне ұнаған суретті іріктеп алып, «Мен және менің жақындарым» тақырыбында коллаж құрастыру. 2- топ Өзің тұратын үйдің суретін салу. Қорытынды балаларға сұрақтар қояды. – Бүгін не үйрендік? Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күлін тұрған жұлдызша беру. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	Смарт мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрден тыс сурет салудың техникасын жетілдіру. Үсақ қол қимылдарын дамыту. Қолданылатын көрнекі құралдар: әр түрлі ойыншықтар суреті, боқу,мақталы таяқша,түрлі түсті қарандаштар. үлгі Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Мына сұлу әлемде, Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. «Доп лақтыру» әдісі арқылы балалардан жыл мезгілін сұрау. Қызығушылықтар-ын ояту. Жұмбақ жасыру. Бір көзім кідір дейді. Бір көзім айындал дейді. Бір көзім жүр дейді. Ой қозғау. Бағдаршам неге керек? Ол қандай қызмет атқарады? Топқа бөлу. Қызыл,сары түспен 1-топ Қызыл түс 2-топ Сары түс Сурет салудың әдіс тәсілін көрсету,түсіндіру. Балалардың жұмысы бақылау. Жеке көмек. қиналған балаларға көмек	қағаз бетінде орналастыра білуге үйрету. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білу дағдыларын дамыту. Қолданылатын көрнекі құралдар:Түрлі түсті қағаздар. қайшы, карындаш, желім , пішіндер,үй үлгісі Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері: Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! Қызықтыру сәті. Азамат қуыршақ келеді. Балалармен амандасады. Менің атым – Азамат. Мен құрылысшымы .Маған үй салуға көмектесіңдерші. Балалардың жауаптары Балаларды шығармашылық орталығына шақыру: Топқа бөлу әдісі.Үлкен үй, кішкентай үй арқылы топқа бөлу. 1 топ Үлкен үйді қиып жапсыру. 2-топ Пішіндерді қиып үй жапсыру. Жұмыстың орындалу техникасын көрсету. Үлгі көрсету,түсіндіру. Қауіпсіздік ережелері. қайшымен жұмыс істеу қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту. Сергіту сәті.	

	Екі дегенім-етік Үш дегенім-ішік Төрт дегенім-тымақ Бес дегенім-байпақ 2- тапсырма Ойын: «Тап та, ата», суретке қарап, қай тәулік бөлігі екені айтады. Балаларды мадақтау. Сергіту сәті: 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4,- аланданы соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып алайық. 4- тапсырма Жеке жұмыс Ойын «Көп ,аз» Шарты:Таратылған карандаштар, ойыншықтарды топтастырып,қайсысы көп қайсысы аз екенін әр бала айтады. Ой дамыту. Бір ,көп аз ұғымы туралы түсінік беру. 5-тапсырма «Геометриялық пішіндер» Шарты:»Геометриялық пішіндердің топтастыру Қорытынды Балаларды мадақтау Хаттың ішінен сыйлық шығады. Балаларға сыйлықты беру	2.Музыка Тақырыбы: «Менің әжем ақ әжем». Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.	қолын созып, бағыт-бағдар беріп отыру. Сергіту сәті: «Көлік айдау» бағдарлам көздеріне байланысты қимыл жасау. Жұмыс барысымен таныстыру. Қорытынды. Балалардың салған суреттерін бағалау,мадақтау. Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау (4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау)	1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – аланданы соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. Қорытынды: Галерея шарлау әдісі. Өз ара бағалау. Бас бармақ әдісі. Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу . Ойынжаттығу: «Кім дұрыс киінеді»				

	Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен:	Картотека №13 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека №14 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека №15 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека №16 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 17 Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сыртқа келіп үйге, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі аска дайындық.				
Түскі ас	Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	Картотека № 2 Бұлтты бақылау (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	Картотека № 4 Желді бақылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	Картотека №5 Көшедегі машинаны бақылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	Картотека №7 Ауа райын бақылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	Картотека №8 Күлгі жапырақтарды бақылау (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртуі, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Құрылымдалған ойын «Жыл мезгілдері» Смарт мақсат: Суретте бейнеленген негізгі белгілері бойынша әр жыл мезгілдері жайлы түсінеді. Балалар жыл мезгілдерін ретін дұрыс көрсете біледі. Жүргізілу барысы: Дайын суреттерге әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін жапсыру немесе салу. Ресурстар: Жыл мезгілдері көрсетілген суреттер, майда қима суреттер . (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау)	Құрылымдалған ойын: «Әдемі өрнектер» Смарт мақсат: Балалар геометриялық пішіндер мен түстер және түсті таңдай біледі. Ресурстар: Геометриялық пішіндер, дайын өрнектер. Жүргізілу барысы: Дайын өрнектерге қарап отырып, берілген геометриялық пішіндерден қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек құрастырады.	Пед жетек ойын: «Тиінге санырауқұлақ сыйлаймыз» Смарт мақсат: Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы біледі. Ресурстар: Санырауқұлақтар, себет Құрылымдалған ойын: «Санырауқұлақ жинау» Ойынның барысы: Баланы шеңберге отырғызады бірнеше санырауқұлақ себеттің ішінде болады. Балаларға санырауқұлақтың қайда өсетінін, қайда болатынын түсіндіре	Құрылымдалған ойын: «Сиқырлы түстер» Смарт мақсат: ойын барысында балалар түстер мен реңктерге қызығушылық танытып, табиғат сұлулығын қабылдай алады. Ресурстар: түрлі түсті карточкалар. Ойын барысы: балаларға түрлі-түсті квадраттармен карточкалар беру. Содан соң педагог бір сөз айтады, мысалы, қайын. Қара, ақ және жасыл төртбұрыштары бар	Пед жетекшіл ойын: «Керемет орман» Смарт мақсат: балалар өз қиялында схемалық бейнелеуіне сүйене отырып бейне орналастыра алады. Ресурстар: бірдей қағаз парактары, оған бірнеше ағаштар салынған және аяқталмаған, пішінделмеген кескіндер әр жерде орналасқан. Түрлі-түсті қарындаштар жиынтығы.

	Жеке жұмыс: Фатимаға Сөйлеуді дамыту «Бір үйде біз нешеуміз?» санамағын жаттату Смарт мақсат:өз отбасы мүшелері жайлы айта алады, санамақты қайталап айтады Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз Бас бармағым-атам, Балан үйрек-әжем, Ортан терек-әкем, Шылдыр шүмек-анам, Кішкене бөбек-мен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз!	(4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) Жеке даму картасы Қаһарманға Солақай баламен қарындашпен жұмыс жасату,суреттерді бояту	отырып, ортаға екі баланы шығарып ойын ережесін түсіндіру. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) Жеке жұмыс Алимамен жеке жұмыс Көркем әдебиет Күз туралы тақпақ айту Қауын-қарбыз жемістермен Толтырамыз қол себетті «Алтын күз» деп аталады Күз айы да сол себетті! Смарт мақсат:сөз ішінде дыбыстарды анық айта алады.	балалар оларды өсіреді. (4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) Жеке жұмыс Қозаймммен жеке жұмыс Түрлі –түсті қарындаштармен күзгі ағаштың бейнесін бояту Смарт мақсат: бояу түстерін таңдай алады және боялды.	(4 к моделі, бала үні, бақылау,саралау) Жеке жұмыс Айшабибімен жұмыс Кірпінің инелерін жапсыру Смарт мақсат:дайын сұлбаға элементтерін жапсырып аяқтайды
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс киє білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Таза ауаға серуен. Серуен №17 Картотека қосымша тіркелген.	Таза ауаға серуен. Серуен № 18 Картотека қосымша тіркелген	Таза ауаға серуен. Серуен №6 Картотека қосымша тіркелген.	Таза ауаға серуен. Серуен №19 Картотека қосымша тіркелген.	Таза ауаға серуен. Серуен №17 Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз орелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. «Менің отбасым» Ата –аналарға отбасы суреттерін әкелуді айту. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу				

ЦИКЛОГРАММА

Өтпелі тақырып « Менің отбасым»

Тақырыпша. «Менің көшем» II апта (қазан, 2021ж.)

Смарт мақсат: Балалар мекен-жайы туралы,өздері тұратын көшесі туралы біледі.

«Балдырған» (кіші) тобы.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.10.2021	Сейсенбі 12.10.2021	Сәрсенбі 13.10.2021	Бейсенбі 14.10.2021	Жұма 15.10.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 11 Құрлымдалған ойын: «Бұл қай мезгіл?» Смарт мақсат: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айта алады (4К моделі,бала үні, саралау,бақылау)	Картотека № 12 Құрлымдалған ойын: «Балабақша» Смарт мақсат: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдар-ды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. (4К моделі,бала үні, саралау,бақылау)	Картотека №15 Пед жет ойын: «Әдептілік» Смарт мақсат: Балалар «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануды біледі. (4К моделі,бала үні, саралау,бақылау)	Картотека № 16 Құрлымдалған ойын: «Гүлдерді күтеміз» Смарт мақсат: гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, ағзин суару, қопсыту дағдыларын үйренеді. (4К моделі,бала үні, саралау,бақылау)	Картотека № 17 Құрлымдалған ойын: «Өз мекеніне орналастыр» Смарт мақсат: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата алады, үй жануардары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін біледі. (4К моделі,бала үні, саралау,бақылау)
Таңертеңгі гимнастика	Қазан айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелетен. Мақсаты: Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы аска отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу				
Ойындар, ҮОҚ дайындық	ҮОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				
Мектепке дейінгі үй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1. Дене шынықтыру. Тақырыбы:«Сапта бағыттарын ауыстыра отырып жүру, жүгіру» Смарт мақсаты: Педагогтың артынан шенбер бойыменаяқ ұшымен,өкшемен	1.Көркем әдебиет Тақырыбы:«Бір үйде біз нешеуміз?» Смарт мақсаты: Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты,дыбыстарды анық айтуға, сөздерді	1.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Бірінің соңынан бірі бой түзулігін дұрыс сақтап жүру, жүгіру» Смарт мақсаты: Педагогтың артынан шенбер бойыменаяқ ұшымен , өкшемен жүру.	1.Жаратылыстану Тақырыбы «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» Смарт мақсаты: Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінік беру. Табиғатты аялауға,	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы:«Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіру» Смарт мақсаты: Педагогтың артынан шенбер бойыменаяқ

	жүру.Сапта жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Төрт тағандап еңбектеу үйрету. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Б.к.: 1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту Б.к.: 2. Аяқтары алшақ қойылған, тік тұрып, қолды екі жаққа жіберіп, жұдырықты түйіп, шынтақпен ішке - сыртқа айналдыра қимылдаймыз. Б.к.: 3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. 1- аяқты тізеге дейін бүгіп, жоғары көтереді, 2- тізе астынан шапалақ соғады. 3- б.к.	септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету,тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақ, отбасы суреті,отбасына керек суреттер Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Ә.Қонарбаевтың «Бала, бала, балақан» әні орындалады. Балалар шаттық шеңберінде өленді қайталап, оның мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыспен жасайды. Әңгіме жүргізу. -Балалар, біздің шаттық шеңберіміз неге ұқсайды? Балалардың жауаптары. Қызығушылықтарын ояту. Айгүл қуыршақ келеді. Балалармен амандасады. Тапсырма әкеледі. 1-тапсырма. АКТ технологиясы. Кімді көріп тұрсың?» ойыны. Балаларға экраннан отбасы мүшелерінен кімді көріп тұрғандарын айтады 2- тапсырма Ыстық орындық.	Жүру және жүгіру дағдаларын қалыптастыру. Жиектері шектелген тура жолақ бойымен жүру. Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Балаларды далаға алып шығып, сапқа тұрғызып жалпы дамытушы жаттығуларды жасату. 1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру. 2. Ыңқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, ыңқты кезек- кезек көтеру 3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру 2. 2 қолды алдына апару 3. 2 қолды жанына апару 4.Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде, аяқтар алшақ тұрады, оңға,	қорғауға үйрету. Қолданылатын көрнекі құралдар: хат,сауысқан бетперде,әр түрлі санырауқұлақтар,өсімдіктер және жәндіктер суреттері,желім. Ресурстар: Дидактикалық материалдар, түсіндіру. Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап,ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Сәндетіп даламыз, Сәулетті қаламыз, Сәулеңмен құлпырды, Сәлем Күн – анамыз Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Біз қандаймыз,қандаймыз Шұғылалы таңдаймыз Күлімдеген күндейміз Реңжуді бөлмейміз Қуанамын менде Қуанасың сенде Қуанайық достарым Арайлап атқан күнге Мнемотехника. Күт мезгілі. Тосын сәт. Сауысқан хат әкеледі. Ой қозғау. -Бұл хат кімнен деп ойлайсыңдар? Бұл хатты Ернар мен Жанар деген балалар жазыпты.Олар орманнан санырауқұлақтар терген екен. Алай да санырауқұлақтың қайсысын	ұшымен,өкшемен жүру.Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіру.Жиектері шектелген тура жолақ бойымен жүру тепе-теңдікті сақтап жүру. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Доппен жаттығу. Б.к.: 1. Аяқтары ыңқ мөлшерінде. Доп қолда. Допты он жаққа қозғап, басты оң жақ ыңқа қою. «Оң жақ» деп айту. Допты сол жаққа қозғап, басты сол жақ ыңқа қою. «Сол жақ» деп айту. Б.к.: 2. Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды төмен түсіріп, қарын

Б.к.: 4. Аяқты алшақ қоймыз, қолымыз жанда, оңға, солға бұрылу, қол бос қозғалады. Б.к.: 5. Орнында тұрып, қос аяқтап секіру (10-15 секунд) Тыныс алу жаттығулары: «Өтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Сапта бағыттарын ауыстыра отырып жүру, жүгіру. 2. Төрт тағандап еңбектеу. Қимылды ойын:«Құстар» Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау) 2.Құрастыру Тақырыбы: « Біздің көше» Смарт мақсаты: Ірі құрылыс материалдарынан көшенің құрылысын жасауға үйрету . Саусақ моторикасын дамыту. Қолданылатын көрнекі құралдар: құрылыс материалдары және үлгі	Мен отбасымды жақсы көремін....» деп әр бала өз отбасы туралы айтады. 3-тапсырма. «Бір үйде біз нешеуміз?» (А.Сопыбеков)өлеңін оқып беру. Бір үйде біз нешеуміз? Кел,санайық екеуміз Бас бармақ – әкем, Балан үйрек – шешем, Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз?\ Бір үйде біз бесеуміз. Бір адым әдісі арқылы тақпақты жаттау. Қорытынды. Айгүл балаларға риза болып,көңілді смайлктер беріп қоштасады. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бағалау) 2. Музыка Тақырып: «Менің достарым» Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.	солға бұрылу. 5.Аяққа арналған жаттығулар: он аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру 6. Терең дем алу Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Бірінің соңынан бірі бой түзулігін дұрыс сақтап жүру, жүгіру. 2.Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: ««Мысық тышқан» Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау) 2.Сурет салу Тақырыбы: « Алтын күз» (сюжеттік с/с) Смарт мақсаты: Ағаштардың дайын суретінің үстінен және жерге дәстүрден тыс әдісімен сары жапырақтарды орналастыру. Қолданылатын көрнекі құралдар: әр балаға ақ қағаз, бояу,қылқалам, жапырақтар Оқу қызметінің барысы: Қызығушылықтарын ояту. Сиқырлы қорап көрсету. Ой қозғау.	жеуге болатын дығын білмейді екен. Сол себепті сендерден көмек сұрап хат жазыпты. Көмектесеміз ба?. Орманға сапхат. Ой қозғау. Сұрақ жауап Балалар, орманда табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек? -Қандай жәндіктерден абай болу керек? -Осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеу керек? -Тағы да қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек? Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері: 1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал! 3. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі 2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма! 3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса! 4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет! 5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма! Слайд көрсету. Сақырауқұлақтар 6. Сергіту сәті. Сақырауқұлақ болайық, Тізе бүгіп отырайық. Жанбыр жауса көтеріліп,	тұсынан бір-бірімен айқастырады, екі қолды бірдей жоғары көтеріп, алға еңкейеді, қолды ыяққа дейін түсіріп, денені 90 градуска бұрады, қолды жерге дейін түсіріп, бастапқы қалыпқа оралады. Б. к.: «Допты жалғастыр» 3. Аяқтары алшақ қойылған, тік тұрып, қолды екі жаққа созып, жоғары көтеру, допты келесі қолға салып, қайта екі жаққа созып төмен түсіреді Б.к.: 4.Доп жанда . Қол мен табанға сүйене отырып, допты айнала секіре еңбектеу. Б.к.: «Жоғары-төмен» 5. Аяқтарын алшақ қою, доп қолда. «Жоғары» дегенде допты жоғары соғу, «төмен» дегенде тізені бүгу. Допты жерге тигізу. Б.к.: 6. Аяқтарын алшақ қою, доп қолда. Денені тік ұстайды. Аяқты алма кезек көтере секіру. /15-20 секунд/ Тыныс алу

	суреттер Ресурстар: құрылыс материалдары және үлгі суреттер. Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету,сұрақ-жауап,ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Біздің топтың ұл-қыздары, Тату тәтті ойнайды. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлайды. Балалардан жыл мезгілін,ай атын,апта күнін сұрау. Мнемотехника әдісін қолдану. Қызығушылықтрын ояту. Жұмбақ жасыру Ұзын – ұзын жіп, Үшына шыққан жан бар ма. Үшына шыққас жалғанда. (Жол). Күзде киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды. (Ағаш). Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (Автобус). Осы жұмбақтардың шешуін құрылыс тұрғызуға болатынын түсіндіру. Балалармен әңгімелесу. Балалардың өздері		Қоратта не бар деп ойлайсыңдар? түрлі түсті жапырақтарды көрсету. Ой дамыту. Сұрақ жауап. Жарырақтардың түстері қандай? Неге қызыл,сары ? Ойын: Сиқырлы ағаш Сиқырлы ағашқа жапырақтарды ілеміз. Сары,қызыл жапырақтар арқылы топқа бөлу. 1-Сары жапырақтар тобы . Жапырақты бояу арқылы ақ қағазға бастырып сурет салады. 2- Қызыл жапырақтар тобы. Жапырақтарды саусақ арқылы бояу, Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру. Саусақ жаттығуы: Он қолымда бес саусақ (Саусақтарын қимылдатады). Сол қолымда бес саусақ. Бесті беске қосқанда Болып шықты он саусақ. Жекке көмек. Балалардың жұмысын бақылау. Галереяны шарлау. Өз ара бағалау. Балалардың жұмыстарын мадақтап қорытындылау. (4 к моделі, бала	Өсіп-өсіп алайық. 7.Балабақшаға оралу Сұрақтар ілмегі. Орманнан алған әсерлерін бөлісу үшін балаларды екі орталыққа бөлемін. 1-орталықтағы балаларға табиғатқа серуенге барғандағы қауіпті деп санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды, 2-орталықтағы балаларға «Табиғаттағы мінез-құлық ережесі» тақырыбында табиғатқа серуенге барғанда нені істеуге болмайды деп санайды,соған байланысты суреттерді жапсыруды ұсынамын. Балаларды мадақтау. Жұлдызшалар беру. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау) 2.Музыка Тақырып: «Менің достарым» Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.	жаттығулары. «Ағаш жарамыз» Аяқ алшақ, екі қолды алдыға сермеп, «уф-уф-уф» дыбыс шығару. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіру. 2.Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Кім бірінші.» Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау. (4 к моделі, бала үні,саралау, бақылау)

	тұратын көшелері жайында әңгімелету. Мекен жайларын сұрау. Балалармен бірнеше үйлердің ,көшелердің суреттерін қарап , талдау жасау. Ой толғау. Қалай көше құрастыруға болады? Көшеде неле болады? Балалардың жауаптары. Дидактикалық ойын. «Мен құрылысшы боламын?Бүгін сендер құрылысшы болып, өз қаламызға жаңа көше тұрғызасыңдар. Оны қалай атасақ екен? Біздің көшеміздің орны мынау болсын (жұмыс істелінетін жерді көрсету), ал мынау-құрылыс материалдары. Сендердің міндеттерің осы көшеге әртүрлі құрылыстар салу. Жұмыстың орындалу техникасын көрсету. Жеке жұмыс. Әр балала құрылыс материалдарынан үй құрастыруға кіріседі. Балалардың жұмыстарын бақылау. Сергіту сәті. Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір. Сағаттың тіліндей		үш,саралау,бақылау)		

	Иілін солға бір. Он аяқ, сол аяқ Жаттығу ондай-ақ. Қорытынды. Балалардың жұмыстарын бағалау.Мадақтау (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №18 Көгершінді бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека №7 Ауа райын бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека №19 Күзгі көріністі бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека №15 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 9 Алтын күлді бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа «өгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	№1 1. Ояну Қандай гажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті боялар, Аспанда жайылып шашылды Үйқым шайдай ашылды	№2. 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№ 3 1. Ояну Көзімізідді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	№4 1. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет.	«Қоянға көмектесеміз» Смарт мақсат: Заттарды санайды және олардың	«Құстарға көмектесеміз?» Смарт мақсат: Балаларға құстар туралы	«Не артық?» Смарт мақсат: Балаларды суретке	«Мамандықтың бәрі жақсы» Смарт мақсат:	«Жалпы атауын ата» Смарт мақсат: Балаларға заттарды жеке-

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратады Жеке баламен жұмыс: Алима Сурет бойынша күз мезгілінің ерекшеліктерін ажыратып айтады (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	түсінік беру, Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу. Вариативтік компонент: «Бәрін білгім келеді» Тақырыбы: «Баланың айласы» Смарт мақсат: Балаларға ертегіні оқылып, мазмұны түсіндіріледі Жақсылық пен жамандықты ажырата біледі. Берілген рольді қызығушылықпен орындайды Жеке баламен жұмыс: Қаһарман дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету. Ана, Әке, Ата-әже. 4 к моделі, бала үні	қарап, олардың топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру. Жеке баламен жұмыс: Фатимаға 1-3 бөліктен тұратын заттарды жаюды, мүсіндеуді үйрету. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Жеке баламен жұмыс: Айшабибіге Үй құстарының өзіне тән ерекшеліктерін атап айтады (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Жеке баламен жұмыс: Көгайымға жапсыру оқу қызметі бойынша қиылған пішіндерден желім арқылы үй жасау, жапсыруды үйрету. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Серуен №1 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен № 2 Картотека қосымша тіркелген	Серуен №3 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен №4 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен №5 Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуді, киімін жинап таза ұстауды, су, лас болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуді үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аударуы керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				

ЦИКЛОГРАММА

Өтпелі тақырып « Менің отбасым»

Тақырыпша. «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» III апта (қазан, 2021ж.)

«Балдырған» (кіші) тобы.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.10.2021	Сейсенбі 19.10.2021	Сәрсенбі 20.10.2021	Бейсенбі 21.10.2021	Жұма 22.10.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 18 Дид.ойын: (Құрлымдалған) «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Смарт мақсаы: суреттерден көрген заттарының аттарын атайды, олардың қайда өмір сүретінін айтады (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау)	Картотека № 21 Сөздік ойын: (Құрлымдалған) «Балық аулау» Смарт мақсат: Қойылған сұрақтарға жауап береді (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	Картотека № 20 Дид.ойын:(Құрлымдалған «Орнын тап» Смарт мақсат: балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтады, суреттен табады (4К моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 17 Дид.ойын:(пед жет) «Жеке атауын ата» Смарт мақсат: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін дәлдейтады (4К моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 15 Дид.ойын: (Құрлымдалған) «Құстарға көмектесемі?» Смарт мақсат: Балалар құстардың дене бөліктерін, тіршілігін өз ойымен айтады (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)
Таңертеңгі гимнастика	Қазан айының 3 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңдар сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру . (4К моделі, бала үні,бақылау)				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысында қажет құралдарды, көрнекіліктерді дайындау.				

